

**САЛАМАТ ШАЛАБАЕВ,
ЕСБОЛ ӨМІРБАЕВ,
ҚАБИБОЛЛА СЫДІҚОВ**

9) 4667.5
ш 21

МАҢҚЫСТАУ

*ЖАЛПЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН
ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ, ЛЕНИНДІК СЫЙЛЫҚТЫҢ
ЛАУРЕАТЫ, АКАДЕМИК*

ШАҢМАРДАН ЕСЕНОВ.

**„ҚАЗАҚСТАН“ БАСПАСЫ,
А л м а т ы — 1973**

ҒЫЛМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

ЗКП4
К61

Шалабаев Саламат ж. б.

Маңқыстау. Алматы, «Қазақстан», 1973.

220 бет.

Тақырып алд. авт.: С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдықов.


Маңқыстау...

Алғашқы қауымнан бері тіршілік толастамаған осы түбекте сан-сапат дәуірдегі адам іздері — мәдени ескерткіштер сақталған. Маңқыстау — археологтар мен антропологтардың, тарихшылар мен архитекторлардың, геологтар мен этнографтардың назарын ерекше аударған һәм аударар аймақ.

Маңқыстау—бүгін аты Одаққа белгілі қазына түбегі, халықтар достығының мекені.

Бұл кітап Маңқыстау тарихы мен қазба байлығын, архитектуралық, мәдени мұралары мен советтік дәуірде бой түзеген сәулетті қалаларын жан-жақты сөз етеді.

Кітаптың «Қазына қоймасы» бөлімін геология-минералогия ғылымының кандидаты *Саламат Шалабаев*; «Ғасырлар өресінде» бөлімін өлке зерттеуші *Есбол Өмірбаев*; «Сөз соңын» «Түбек төсіндегі қалалар», «Асыл мұра, дамыған дәстүр» бөлімдерін («Сәулетті өнер» тақырыбын *Е. Өмірбаевпен* бірге) филология ғылымының кандидаты *Қабиболла Сыдықов* жазды.



III $\frac{0181-097}{M 401(07)-73}$ 171-72

© «ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ, 1973 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

Маңқыстау — республикамыздың даңқын әлемге әйгілеп отырған қазына қоймасы, газ бен мұнайдың өлкесі.

Үкіметіміз бен партиямыз Отанымыздың мол қазыналы аймақтарының бірі—Маңқыстауға зор мән беріп отыр. Қазба байлығы мен мал шаруашылығы жөнінен аса перспективалы осы түбектен облыс құрылуы — КПСС Орталық Комитетінің Қазақстанның өндіргіш күштерін үздіксіз өркендетуге жасап отырған әкелік қамқорлығының айқын белгісі.

КПСС XXIV съезі шешімдеріне сай түбек қазынасын зерттеп, игеру, оны ірі индустриялы аймаққа айналдыру жөнінде зор істер атқарылуда. Маңқыстау — қазір көп ұлтты совет халықтарының достық туын тігіп, қаһарман жандардың жасампаз еңбегі қара алтын дариясын шалқытып, Атырау айдыны жағасында сәулетті қалалар самсатқан ерлік еңбектің мекені. Ғалымдар мен зерттеушілер бұл түбекте мұнай мен газ, көмір мен мыс, темір мен барит, күкірт пен марганец, т. б. қазбалы байлықтар мен құрылыс материалдарының мол екендігін анықтауда.

Маңқыстау! Каспийдің көгілдір айдыны орап жатқан осынау түбекті кім білмейді?!

Батысында теңізге сұғынып, шығысында Үстірт қырына ұласып, етегін кеңге салатын Маңқыстау аймағы солтүстік шығысы мен оңтүстігінде Ақтөбе қыры мен Арал теңізіне, түрікмен жеріне шектеседі.

Маңқыстау — Австрия, Швейцария, Нидерланды және Люксембург тектес бірнеше мемлекет түгелімен сыйып кетер 8 миллион гектар жерді алып жатқан кең аймақ. Кей атрабын Құмсауысқан, Бостанқұм, Түйесу,

Сеңгірқұм сияқты құм жоталар ораса, кей жері тұзды, тақырлы немесе тасты, әкті келеді. Дүние жүзіндегі ең еңіс жерлердің бірі — Қарақия ойпаты мұхит деңгейінен 132 метр төмен жатыр.

Маңқыстау — ерте дәуірден тоғыз жолдың торабы. X—XII ғасырларда Еуропаның көптеген сауда порттары мен қалаларын қамтыған Индия—Орта Азия—Еуропа сауда жолының бірі осы түбек арқылы өткен¹. Бірқатар еңбектерде Маңқыстау — көне кезден Еуропа — Орта Азия², Орта Азия — Кавказ қақпасы. Көптеген елдерді байланыстырған осындай маңызды жолдың бойында болуы Маңқыстаудың мәдени, экономикалық, саяси өміріне елеулі әсер еткен. Оны өз дәуіріне сай үлкен цивилизация орталықтарының бірі дәрежесіне жеткізген.

Маңқыстау—көл-көсір көне тарихы мол, Октябрьден кейінгі жарқын жылдарда жаңарған, жасарған аймақ. Қойнауы — кенге, қыры—мыңғырған малға толы, халқымыздың рухани байлығын әйгілейтін архитектуралық, тарихи және әдеби, мәдени мұралар мол сақталған осы аймақ туралы ертелі-кешті көптеген еңбектер жарық көрген.

Маңқыстау туралы деректерді ежелгі грек ғұламалары Геродот пен Страбоннан бастап, әл-Истахри, Макдиси, ал-Фадлан, ибн Фадлаллах, ибн Батута, Махмут Кашкари, Абулғазы Баһадүр еңбектерінің қай-қайсынан да кездестіреміз. Әр дәуірде өлке топырағын басқан А. Дженкинсон, А. Вамбери, А. О. Дюгамель, Ф. И. Соймонов, Г. С. Карелин, Э. А. Эверсман, Н. И. Андрусов сияқты ғалымдар мен саяхатшылар осы аймақтың географиясы мен геологиясы, ертедегі ескерткіштері туралы бағалы пікірлер айтқан. Парижде басылған Б. Залесскийдің, Лейпцигте (кейін Санкт-Петербургте) жарық көрген Р. Карутць кітаптары — бұл өлке этнографиясы мен тұрмысына арналған елеулі еңбектер. Сондай-ақ түбектің ежелгі цивилизациясы хақындағы құнды мәліметтерді В. В. Бартольд, С. П. Толстов, Ә. Х. Марғұлан, М. Мендіқұлов, К. Ақышев, Е. Агеева-

¹ О торгах за Каспийское море древних, средних и новейших времен. Выписано из журнала *Ф. И. Соимонова* и из внесенных в оный донесений *Г. Ф. Миллера*, Москва, 1765.

² *С. П. Толстов*. По следам древнехорезмской цивилизации, Москва, 1948, стр. 47—49.

лардың еңбектерінен табамыз. Ал, Маңқыстау тарихы мен шаруашылығы, мәдени-рухани мұралары туралы М. Тұрсынова, С. Тілепов, С. Омарбеков, т. б. ғалымдардың зерттеулері бар. Алайда, әр кезде, әр еңбекте айтылған алуан пікірлер ғылыми қауымға белгілі болғанмен, жиналып, жүйеге түспей, сирек кездесетін деректерге айналды. Мәдениеті өркендеп, ғылымы дамыған бұл күндердің алға қойған заңды талабының бірі — Маңқыстау туралы сол айтылмыш пікірлерді байыптап қарап, байсалды еңбек жазу. Бұл іс жаңа-жаңа ғана қолға алына бастады. Оқушы жұртшылыққа ұсынылып отырған «Маңқыстау» кітабы осы дәуір талабы негізінде жазылған.

Авторлар коллективі (С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдиқов) бұл кітапта Маңқыстаудың тарихы мен мәдениеті, қазба байлықтары мен қалалары туралы мол мағұлымат береді. Кітаптың алғашқы бөлімі тарихи, этнографиялық деректерге құрылған. Тарихшы Е. Өмірбаев Москва, Алматы, Ашхабад, Тбилиси, Ставрополь архивтеріндегі Маңқыстау туралы соны деректерді ғылыми жүйеге келтіріп, түбекте сақталған материалдық тарихи ескерткіштермен салыстыра зерттейді, сөйтіп, түбектің ерте дәуірден күні бүгінге дейінгі тұрмысы мен мәдениеті, әлеуметтік өмірі жайлы байыптаулар жасайды.

Жас ғалым Қ. Сыдиқов түбекте сақталған мәдени, әдеби, архитектуралық мұраларды түрі мен стиліне, көркемдік сапасына орай жүйелей жіктеп, олардың өзге Орта Азия халықтары мәдениетімен сабақтастығы, көп ғасырлық даму дәстүрі, халқымыздың қазіргі мәдени тәжірибесімен байланысы жайлы байыпты ғылыми тұжырымдар, қызғылықты деректер келтіреді.

Маңқыстаудың қазына байлығын игеру жолындағы көп жылдық геологиялық зерттеулер мен ізденістер және түбектің келешегі мол жаңа алаңдары мен экономикалық перспективасы жөнінде геология-минералогия ғылымының кандидаты С. Шалабаев бірқатар тың ұсыныстар, келелі мәселелер қозғаған. Сондай-ақ ерлік еңбек пен халықтар достығының мекеніне айналған түбек төсіндегі қалалар туралы да тартымды жазылған. Бұл түбектің өскелең ғылымымызды молайтар сан тарау сырлары бар. Тарихы мен этнографиясы, мәдени мұрасы мен архитектурасы, қазба байлығы мен

шаруашылығы, фаунасы мен флорасы...— Маңқыстау сырлары ұшаң-теңіз.

Егер Маңқыстау ХХ ғасырдың аялы алақанын көрмесе, бүгінгі советтік жасампаз өмірдің шапағатына бөленбесе, онда бұл сыр, бұл тарих көкейге қонбас еді. Демек, Маңқыстау тек кешегісімен емес, бүгінгі һәм ертеңгі ғаламаттарымен қымбат! Оны жұртшылық мұнай республикасы деп те атайды. Тоғызыншы бесжылдықта да мұнда жеті ғажайып жасалғалы тұр. Менделеев кестесін жаңа элементтермен толықтырып жатыр бұл өлке. Октябрьден бұрын құлатұз атанған шөл аймақты қиып өткен Мақат—Қоңырат темір жолы—Орта Азия мен Европа арасындағы ең төте жолдардың бірі. Осы жолдың бір тармағы қазыналы түбекке жалғасады. Сондай-ақ, Маңқыстауды Отанымыздың әр аймағымен байланыстыратын әуе, су жолдары, қуатты электр жүйелері, Өзен—Куйбышев мұнай құбыры, түбек төсіндегі Шевченко, Жаңа Өзен сияқты сәулетті қалалар — соңғы жылдардағы үрдіс жаңалықтар. Үстіміздегі бесжылдықта да Маңқыстау өңірінде сан-салалы игілікті істер жүзеге асады, жаңа заводтар салынады, сәулетті қалалар қатарға қосылады.

Міне, оқушы қауымға осыншама мол шежіреден, арғы-бергі замана хикаяларынан азды-көпті сыр қозғауды мақсат тұтқан авторлар бұрын-соңды мәшһүр болған кітаптардың заңды жалғасы һәм болашақ кітаптардың бастамасы іспеттес бұл еңбекті үлкен ілтипатпен алға тартады. Демек, «Маңқыстау» — жеңімпаз Совет адамдарының қаһарман еңбегі ағытқан жер қойнындағы ғажап байлығы мен бағзы дәуірден күні бүгінге дейінгі түбек тұрғындарының рухани жан сыры — асыл мұралары мен жасампаз дәстүрлері туралы кітап. Бұл еңбек Совет адамдарының игілігі үшін ұлы істерді жүзеге асырып жатқан Маңқыстау түбегінің кешегісі мен бүгінгі өмірі және жарқын келешегі туралы оқушы жұртшылыққа мол мағұлымат береді деп білеміз.

*Шаһмардан Есенов,
Қазақ ССР Ғылым
академиясының президенті,
Лениндік сыйлықтың лауреаты,
академик.*

ҒАСЫРЛАР ӨРЕСІНДЕ



ЕЖЕЛГІ МЕКЕН

Маңқыстаудың мыңдаған жылдар бұрынғы ежелгі өмірі қандай болған? Ол туралы ғылым не дейді?

Маңқыстау жеріндегі Қаратау мен Ақтау жоталары, көптеген шоқылар мен қыраттар, сайлар мен салалар, тұзды көлдер мен құм-шағылдар әр дәуірде Каспий бассейнінің ортайып, жер құрылысының сан-сапат өзгеріске ұшырауынан кейін ғана пайда болған. Н. И. Андрусов, А. Д. Архангельский, Н. М. Страхов, В. П. Колесниковтардың деректері бойынша, бұдан мыңдаған жыл бұрын Жерорта, Азов, Каспий, Қара теңіздер бір бассейн болып, мұхиттармен ұштасып жатқан. Совет ғалымдары Каспий жағалығынан 10—15, тіпті 26 метрлік тереңдіктен террастар тауып, олардың 20 мың жылдар бұрынғы түзіліс белгілері екендігін анықтады. Бұған қарағанда, бұл өлке талай геологиялық өзгерістерге ұшыраған. Теңіз деңгейі сан рет көтерілу, қайту дәуірлерін басынан өткізген. Ұлан байтақ Қызылқұм мен Қарақұм бір кездегі теңіз табаны десек, олардан бөлінген Арал, Каспий теңіздері де ерте дәуірде біртұтас су алабы болғаны белгілі. Ғалымдар пікірінше, төрттік дәуірде тез көтеріліп, аумағы екі есе өскен. Хазар заманында Үстірт шыңдарының үгіліп, құлап, жылжуы салдарынан шың, құздар мен сай-салалар, шоқы-төбелер мен жүздеген пирамида іспетті таулар түзілген. Хвалын дәуірінде Каспий суы солтүстік ойпаттарға жайылып, құмдар мен таулар арасында аралдап қалған Туран ойпаты пайда болған.

Маңқыстаудың әр дәуірге сай табиғаты, соған орай тіршілік дүниесі болғандығы белгілі. Сармат дәуіріне тән хайуанаттардың тастанған сүйектері Форт Шевчен-

ко тас карьерінің 20—30 метр тереңдігінен шығып жатыр. Ол — ұзындығы бір жарым метрден аспайтын ергежейлі кит сүйектері. Сондай-ақ қынжал іспеттес әлі эмалын жоймаған акула тістері тау баурайларында, бұрынғы теңіз жағасы болған қосқат-жарқабақтарда кездеседі. Ежелгі Каспийдің тіршілік дүниесінің тамаша куәлерінің бірі — жарқырауық аммониттердің ондаған түрлері. Бұл стратиграфиялық табыстар қазіргі кезде теңіз жағасынан 40—50 километр қашықтықтан да кездесе береді. Каспий шығысынан құятын Манашы өзенінің суы өте ащы, қандай қатты аязда қатуды білмейді, онда өсетін моллюскилердің тас қабығы өте қалың, ал одан гөрі суы тұщы Каспий жағаларындағы моллюскилер кішкентай және сауыты жұқа келеді.

Қараған тау шатқалдары мен т. б. бірқатар кебірлі баурайларда ірі динозавр, ихтиозаврлардың тастанған сүйектері кездеседі. Ленинград археологиялық институтының анықтауына қарағанда, олардың бір тобы қазіргі кезде дүние жүзінің еш жерінде өмір сүрмейді, екінші тобының қалдықтары Үнді мұхитында ғана кездеседі. Мамонт тектес ірі жануарлардың қаңқа сүйектері Маңғыстаудың Апажар қосқаттарынан ұшырасады. 1847 жылы Қаратау мен Ақтауда болған басштаб полковнигі М. И. Иванин түбектен тапқан хайуанаттар сүйегін Россия Ғылым академиясының археология институтына табыс етеді. Ғалымдар пікірінше, бұл сүйектер төменгі бор дәуіріне жатады. Бұған қарағанда, шөп қоректі ірі жануарларға да ерте кездегі түбек табиғаты қолайлы болған.

Ерте заманда аталмыш ірі жануарларды Каспий жағалауын мекендеген палеолит дәуіріндегі адамдар аулап, азық еткен. Бұған куә — түбек жерінен ежелгі адамдар мекендеген қоныстар мен олар қолданған құралдардың табылуы.

Ғылми деректерге қарағанда, ерте замандағы адамдар Солтүстік, Шығыс Индия, Оңтүстік Африка, Кавказ, Орта Азия жерлерін мекендеген. Ондай қоныстар Қазақстан мен Орал бойынан да табылуда.

Адам баласының ең әуелі дүниеге келіп, мекен-жай жасаған қонысын табу — ғылым үшін баға жетпес жаңалық. 1957 жылы Астрахань мемлекеттік қорығының ғылыми қызметкерлері В. А. Курочкин мен В. А. Филипченко Форт Шевченко қаласына таяу Құ-

ланды аралынан адамдар қолданған 46 түрлі құрал-сайман тапты. Ертедегі тастан жасалған осы ұстара, пышақтар мен үй құралдарын СССР Ғылым академиясының Археология институты арал тұрғындарының тас ғасырында жасап, пайдаланған құралдары екендігін, олардың Жебел мен Ашхабад маңынан табылған құралдарға ұқсас неолит заманы мүліктері екендігін анықтады. Демек, Құланды біздің дәуірімізге дейінгі төртінші мыңыншы жылдардың бас кезіне дейін Бозашымен бірігіп жатқан түбек болған. Неолит дәуірінде — құрлықты су ораған заманда Құланды маңындағы шағын аралдар да Каспий астында қалған. Оны мекендеушілер құрылыққа ығысып, теңіз жағалауын қоныс еткен¹.

1825—1826 жылдарда Үстіртті зерттеген ғылыми экспедиция Бозашы түбегінің шығыс жағындағы Сыңғырлау, Манашы өзендерінің жылғаларынан ерте дәуірдегі адамдарға тән өткір ұшты тас құралдарын тапқан. Осы деректерге сүйеніп, Э. А. Эверсман бұл өзендер тұщы кезінде ертедегі адамдар қонысы болған десе, Л. А. Гольденберг, М. Кейнер, А. Л. Яшиндер бұл құралдарды үшінші мыңыншы жылдардағы келтиминар мәдениетіне жатқызады.

1966 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология институтының ғылыми қызметкері Алан Медоев Қошақ-Сартас жағалауындағы Жалбарт сайынан палеолит дәуіріне жататын ертедегі адамдардың аумақты мекендерін, олардың тас өңдейтін шеберханаларын, шақпақ тастан жасалған түрлі құралдарын тапты.

А. Медоев: «...Маңқыстаудан табылған мекендер мен еңбек құралдарының дүние жүзілік ғылым үшін аса зор маңызы болып отыр. Осы өңірден табылған тіршілік белгілері палеолит заманының ең ертедегі кезеңі мен соңғы кезеңін қамтиды. Бұл қазіргі адамдардың арғы тегі алғашқы адамдардан осы жерде бөлініп шығып, осында қалыптасуы мүмкін деген сөз. Басқаша айтқанда, Маңқыстау қазіргі адамдардың алғашқы ұрпағы қалыптасқан жер шарындағы санаулы ғана орын-

¹ В. А. Филипченко, В. А. Курочкин. Кремневые орудия с острова Куланды. «Советская археология», № 3, 1960.

дардың бірі, сөйтіп, биік мәдениет шыңына көтерілген бүгінгі адам баласының алғашқы мекендерінің бірі— Маңқыстау деп батыл айта аламыз»,¹— деп жазды. Осы Жалбарт сайының оңтүстік-батысындағы Қарлыбас жерінен алғашқы қауым адамдарының тас құралдары, Шевченко қаласының шығыс бетіндегі Тышқанбай ойынан (1960 ж.) 80 сантиметр тереңдіктен қалыңдығы 4—5 сантиметрдей күл мен қоламта қабаты табылды. Қабат 10 метрге дейін созылып жатыр.

А. В. Виноградов Жебел мен Ойықты және Маңқыстау тұрғындары жасаған мәдениеттің төменгі Узбой мәдениетіне жақын екенін дәлелдеп, осы мәдениетті тұғызған әртүрлі тайпалар тобы егіншілікпен айналысқанын, оазиске қола дәуірінде, немесе біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңыншы жылдарда ауысқанын көрсетеді. Олардың ұзақ қоныс еткен орындары Форт Шевченко маңындағы ежелгі Кетік бекінісінен табылып отыр. Оның жалпы аумағы бір жарым шаршы километрдей. Сондай-ақ ертедегі адамдардың бұдан жүз жыл бұрын табылған шақпақ тастардан жасаған құралдары («Маңқыстаудан табылған алғашқы қауым адамдарының тас құралдары» деген экспонат) Ленинградтағы Антропология және этнография музейінде сақтаулы.

1969 жылы СССР Ғылым академиясының Археология институтының Форт Шевченкода болған ғылыми қызметкерлері А. Н. Мелентьев пен А. А. Марущенко Қараған айлағының шығыс жағасындағы Кетік бекінісінен әр түрлі керамика сынықтары мен ерте заманғы адамдардың аң союға, балық жаруға, ағаш басына шаншып найза ретінде қолдануға лайықтап тастан жасаған құралдарын тапты. Кетіктен 35 километр жердегі Қараған шатқалы мен Тамшалы аңғарынан, Үдек құдығының (7 километр) Таушық бағытынан, орталық Қаратаудың Тұщыбек бұлағы жанынан, Мырзайыр мен Сенек жерінен тас дәуірі мен қола ғасырына тән құралдар табылды.

Аталған деректерге қарағанда, Маңқыстау — ерте заманғы адамдардан бастап тіршілік толастамаған ежелгі мекен.

¹ «Социалистік Қазақстан», 1967, № 87.

КӨНЕ ДӘУІР КҮӘЛЕРІ

Ежелгі Маңқыстауды мекендегендердің әдет-ғұрпы мен қолөнерін, дүние тануы мен ақыл-ой парасатын меңзейтін мәдени ескерткіштердің бір түрі — көне үйіктер. Маңқыстау жерінде салыну материалына, бейне-белгісіне қарай Тасоба, Қособа, Ақүйік, Қараүйік, Қызылүйік, Жетіүйік аталған үйік-төбелер бар.

Маңқыстау жеріндегі үйіктер, тарихи документтер мен ел жадындағы деректерге қарағанда, өліге арналған ескерткіш яки көрші мемлекеттер мен тайпалардың шекарасына орнатылған аймақтық меже, не көрнекті оқиға белгісі немесе ұлы керуен жолының бағытын сілтерлік белгі, бекет ретінде орнатылған.

Өліге ескерткіш ретінде орнатылған үйіктер аумақты келеді. Олар көне заман адамдарының ата-бабаға деген шексіз құрметінің белгісі. Мұндай белгілер Қазақстанның бірқатар жерінде, Орта Азия, Төменгі Орал, Еділ, Жайық бойында, Солтүстік Кавказ, Украина жерлерінде кездеседі. Бұл үйіктер бір текті әдет-ғұрпы бар халықтың өліге деген ескерткіші екенін танытады. Мұндай үйіктер үстіне кісі бойындай қада тас немесе кісінің тас мүсіні қойылады. Айналасына өзге өліктер жерленеді. Мұның өзі қауымдық сипат береді.

Аймақтық меже, ірі оқиға белгісі ретіндегі үйіктердің үсті жайпақ, кісі отыруға қолайлы келеді, айналасында мола, бейіттер болмайды. Ондай үйіктер биік жар басында, тұщы суы мол жерлерде болады. Бұған қарағанда, Маңқыстауды мекендеген тайпалар Арал теңізі, Балхан тауы, Жем, Сағыз, Шың бойы мен Үстірт бауырында отырған сияқты.

Маңқыстаудағы қауымдық белгі, ескерткіш ретіндегі үйіктер тайпалар мекенінде, ұлы керуен жолы бойында отырған елдер қонысында кездеседі. Сондай-ақ бірқатар үйіктер маңызды күзеттік белгі ретінде орнатылған. Мысалы, бағыт-бағдарына қарай атасақ: Түпқараған — Маната — Төңірек Шыңға қарай; Түпқараған — Хорезм — Хиуа — Хорасан — Балхан бағытына; Бозашы — Хиуа — Хорезм жағына; Білеулі — Ойыл бойына; Қошақ — Шерқала — Хиуа немесе Бесбұлақ — Сисем — Үстірт — Хиуа бағытына қарай үйілген.

Маңқыстау үйіктері таза топырақ және тас аралас үйінділерден жасалған. Кейбіреулерінің үстіне кісі бой-

ынан да биік қада тастар шаншылған. Үйіктердің орналасуының да белгілі тәртібі бар, әрқайсысының аралары 15—20 километр. Кейде шахмат тәртібімен бір жерге топтаса орналасқан. Олар тайпалардың көсемдеріне арналса керек. Айналасындағы шағын үйіктер әскер басы мен одан төменгі құрметті адамдардікі болуы мүмкін. Бозашыдағы Жетіүйік осы сипатты.

Ежелгі тайпалар өзара жойқын жорықтан, сырт жаулардың шапқыншылығынан тыс қала алмаған. Осыған орай биік жерлерден күзет орындары жасалған. Шапқыншылық сезілгенде күзетшілер үйік басына күндіз от өртеп, түтін салып, түнде от жағып, алау бұлғап белгі берген. Белгіні екінші күзетші ары жалғастырған. Ең соңғылары тау басына ұран отын жағып, жаппай аттану белгісін берген. Түнде ұзын ағаш басына ілінген жалауды жалындата бұлғап, алыстан атойлаған жаудың ел шетіне таяу келгенін хабарлаған.

Үстіртті зерттеген топограф А. С. Алексеев (1853 ж) Тасастаудағы «Үйобо» ескерткішінің үйіктен гөрі қарауылдық белгіге ұқсас екенін жазған. Үйобаның биіктігі он метр шамасында, құрылысы Орта Азиялық мұралар сияқты сүйірлене бітеді. Ірі тас кірпіштерден қаланған. Сыртынан басына шығатын баспа жасалған. Үстінде бірнеше адам отырғандай бекініс пен қорғанысқа арналған орындар бар. Жергілікті халық Арал теңізіне қарай бағытталған, аралары алшақ осы сияқты талай үйіктердің барын, олар тек күзеттік жол бағдарын берерлік мақсатта салынғанын айтады.

И. А. Кастанье «Надгробные сооружения киргизских степей» (Труды Оренбургской ученой Архивной комиссии. Вып. XXXIV. 1911) деген еңбегінде үйіктердің қазақтар арасына ислам діні енгенге дейінгі дәуірде орнатылған ескерткіштер екенін көрсете келіп, кейін қазақтар шарифат заңын бұзып, үйіктердің жанына өлілерін қоятынын жазады. И. А. Кастанье пікірінше, үйіктер монғолдар әдетінде сәтті сапар алдында яки жынперілерді қашыру үшін үйіледі.

Үйіктердің көпшілігі біздің заманымызға дейінгі VII—IV ғасырларға жататын скиф—сак көсемдерінің үстіне көтерілген ескерткіш іспетті. Бұл туралы академик Ә. Х. Марғұлан былай деп жазады: «Бұл қорғандардың (үйіктердің) астынан салт атты жауынгерлер-

дің, ру басшыларының немесе қатардағы мүшелерінің сүйегін көптеп табуға болады. Әсіресе ру басшылары мен тайпа көсемдеріне орнатылған ескерткіш-қорғандар өздерінің әсемдігімен көзге түседі»¹.

Сол сияқты ірі қорғандардың іргесіне көсемдердің, ру, тайпа басшыларының туыстарын тастан жасалған қораша қауымдарға орналастырған. Ежелгі сактардың көсемдері өлгенде, бүтін тайпа ауыр еңбек жасап, қорғандар көтерген.

Маңқыстаудағы үйіктердің де айналасында қораша тастар қаланған шағын бейіттер шашырай орналасқан. А. Н. Мелентьев, А. А. Марущенко сияқты зерттеушілер Бозашыдағы Жетіүйікті біздің заманымызға дейінгі бір мыңыншы, тіпті одан да арғы дәуірдің ғаламат коллективтік еңбегі, мал бағумен айналысқан елдердің мәдениетін көрсететін көмбесі десе, Мырзайыр мен Ербосандағы үйіктерді біздің заманымызға дейінгі бір мыңыншы жылдарға жатқызады.

Археологтар біздің дәуірімізге дейінгі бір мыңыншы жылдардан біздің дәуіріміздің бірінші ғасырына дейін Арал теңізі мен Еділ арасында, Орта Азияның солтүстік батыс аймақтарында қоныс тепкен каспи, дай, массагет, савромат тайпалары үйіктерінің тағы бір ерекшелігі деп аталас кісілердің өлігін тас қораптарға салып, бетіне тақтай тас жауып, қабырғаларына адам, мал, құс бейнесін ойып, тайпа таңбаларын салу әдеті болғандығын жазып жүр. Сол сияқты олардан кейінгі сармат-алан тайпалары қабірдің жанынан жандама шығарып, табытқа тумаластардың денесін топтап қойған. Мұндай құрылыс Маңқыстауда да бар.

1961 жылы Маңқыстау ауданына қарасты «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы колхоздың механизаторлары мал қорасына тас түсіріп жүріп, биік басындағы Қызылүйікті бұзып, төбесіндегі қада тасты қиратып, 30 машина тас алғанда, үйік бір метр төмен түскен. Оның астынан жергілікті тастан шауып жасаған кісі мүсіні шыққан. Мүсіннің төсінде түрлі сызықтар мен таңбалар болған, бірақ мұндай мұраға мән бере қоймаған механизаторлар оны қиратып, қораға төккендіктен, сынықтары қолға түспеді, мүсіннің басы ғана табылды.

Мүсінде кісінің бет-әлпеті біркелкі бейнеленген, иық-

¹ «Білім және еңбек», 1964, № 5.

тары жұмырланып, бас бейнесін, бет өрнегін жіңішке құралдармен сызып келтірген. Үйіктің биіктігі бес метр, іргесінен санағанда айналасының көлемі 95 қадам. Үйік топырақ пен тастан тұрғызылған. Айналасында шашыранды бейіттер. Оңтүстік іргесінде қой қорасындай қосымша қорғанша, ортасында ошақ орны, күл, шала өртелген мал сүйектерінің қалдықтары. Бұл белгілер ел түнегі, болмаса керуен қонған жерлерден қалған із сияқты емес, қайта осы үйікпен бірге жасалған көрсеткіш іспетті. Қорғаншаның сыртқы тастары да бекінісше қаланған.

1926 жылы Шығыс Қаратаудың алдындағы Ақүйікті «ертедегі көшкен елдің дүниесі бар» деген лақаппен отырықшылар қазған. Ол бір метрдей төмендегенде өте ауыр жалпақ тас шыққан. Одан ары екінші қабаттағы тақтай тасты қазушылар аудара алмаған. Олар бірнеше тұқыл жебелер тапқан. Бұрын әңгіме болған Қызылүйіктен ұзын ұшты жебе табылған еді.

Осы «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы колхоз маңында «Тәтімтөбе» дейтін қырат бар. 1916 жылы осы төбені қазып қараған Мүбәрек, Алшын қариялар былай дейді: «Біздер көп адам болып, осы шағын төбені «бұрынғы елдің тастап кеткен дүниесінің белгісі» дегенге ылығып, қаза бастадық. Бір метрдей төмендегенде, жергілікті тастан шауып жасаған адам бейнесі шықты. Одан әрі киіз үй формасында тастан қалап жасалған қабырға мен екі тас босаға көрінді. Олардың топырағын арши бастағанда, бір топ адамның сүйегі мен таттанған темір, іші күлге толы құмыра шықты. Сүйек көрінген соң қазуды тоқтатып, ашылған жерін сол күйінде қалдырып кеттік».

1968 жылы осынау кісі мүсінін іздеп, үйіктің бір шетін аршыған шақта ауыр тастан тұрғызылған екі босаға мен тас маңдайша шықты. Қабырға тастарын аздап өңдеп, тікесінен тұрғыза қалаған. Маңдайша бетіне орақ бейнелі белгі қашалған. Топырақ арасынан белбеудің тот басқан тоғасы табылды. Оның бетінде қошқар мүйізді оймыш-өрнектер бар.

Сонда бұл ескерткіш, біздің дәуіріміздің екінші ғасырындағы тарихшы Птоломей көрсеткендей, Каспийдің шығыс жағалауынан Кавказ бен Дон бойына қарай қоныс аударған Алан-асс-массагет тайпаларының мәдениетін алға тартады.

Х—ХІІІ ғасырларда Маңқыстауға қыпшақтардың келуіне орай үйік-қорғандар құрылысы біраз өзгеріске түседі. Енді үйік үстіне тас мүсіндер қойыла бастайды. Қыпшақтар әдетінде адам мүсінін өлік басына қою басым болса, аландар мүсінді өліктің басына қойып, содан кейін топырақпен жаба көмген. Сүйтіп, мүсін үйіктің астында қалған. «Кодекс куманикус» сөздігінде «оба» сөзін «мола-үйік» деп түсіндіреді. Демек, Маңқыстау жерін мекендеген қыпшақтарда да үйік-оба салу салт болған.

Қыштым, Сисем, Маңсуалмас, Жүзжасар мен Көктам қауымдары да ежелгі ескерткіштерімен назар аударарды.

Үстіртті зерттеуші топограф А. С. Алексеев 1851 жылы Қозыбай-Төрткілден бір әйел мен бір ер адамның тас мүсінін тауып, оны суретке түсіреді. Ер адам мүсіні дөңгелек жүзді жас жігіт екенін байқатады. Басында телпек, белінде белбеу, мойнына асқан тартпасына қорамсақ байлаған. Қорамсақ іші толған жебе. Жас әйел мүсіні В. Д. Генниннің Семей бекінісінен тапқан мүсініне ұқсас. Мойнына төрт қатар моншақтан шұбыртпа салған. Басына тебетей киіп, оның айнала жиегіне екі қатар моншақ жүргізген. Құлағына шағын сырға таққан. Мүсінші адамның барлық дене құрылысын дұрыс бейнелей білген.

«Қозыбай-Төрткіл қауымында шалқасынан жатқан бірнеше кісі мүсіні Уәлі қамалын салған тау тасы сияқты дәрекілеу ақ тастан жасалған,— деп жазды А. С. Алексеев,— мүсін жай қарапайым адам тұлғасынан үлкендеу, ер адам мүсінінің қолы қарнына айқастыра қашалған, оған жалғас орамал тартқан әйел мүсіні жатыр, бірақ бұлардың ешқайсысы да бүтін емес»¹.

1970 жылы Қозыбай-Төрткілден 60 километр қашықтықтағы Қондыбай үйігі маңынан 22 тас мүсін сынықтары табылды. Мүсіндер жергілікті жұмсақ тастардан жасалғандықтан күнге, желге желініп, бет-бедерлері мүжіліп біткенмен, сынықтарын құрастырғанда, көбі дерлік қылыш асынып, белдік байланған, қорамсақ тағынған жауынгерлер екені анықталды. Топырақтан болар-болмас көрініп жатқан бір тастың айналасын қазып, аша бастағанымызда, оның көлемі ұлғая түсті.

¹ Очерки истории Карачаево-Черкессии, т. 1, Ставрополь, 1967.



Қондыбай үйінен табылған мүсін

Ол етпетінен жатқан кісі мүсіні болып шықты. Мүсіннің басы мойнынан сынып, бөлек қалғандықтан, бет-бедері бұзылған. Бірақ дөңгелек жүзді, молтақ мұрынды жауынгер бейнесін береді. Мойнына әйелдерше төрт қатар шұбыртпа салған. Белінде қошқар мүйізді ілмек тоғалы белбеу. Сол қолымен ішін баса, шынтағын ие ұстаған. Салбыраған оң қолында төрт қатарлы білезік. Белінде қанжар, сол жақ қапталындағы қорамсақ ішінде самсаған жебе. Оң қапталына қылыш байлаған, сол жақ иығына жақын төбесіне үкі шанышқан шошақ бөрік бейнеленген.

Мүсін жасаудың заманнан-заманға ұласқан дәстүрі жайлы академик Ә. Х. Марғұлан былай дейді: «Тас мүсіндер жасау біздің дәуіріміздің басында Орта Азия мен Синьцзянның, Ертедегі Индияның будда империясының құрамына кірген дәуірінде кең етек алған. Бұл аудандарды ол кезде сактар деп аталатын скиф рулары жайлаған ғой. Біздің дәуірімізге дейінгі III—I ғасырларда сак рулары үлкен мемлекет құрған. Оның құрамына Солтүстік Индия да кірген. Осы кез тас мүсіндер жасау мәдениетінің ерекше даму кезі деуге болады. Орталық Азияның және Индияның мәдениеті сактарға, Қиыр Шығысқа, Куриль аралына, Оңтүстік Қытайға, тіпті Жапонияға да кірген» («Білім және еңбек», 1964, № 5).

В. Д. Генниннің Семей бекінісінен, С. П. Толстовтың Сыр бойынан, біздің (Е. Ө.) Үстірттен тапқан мәдениет көрсеткіштерінің ұқсас, бір типті болуына қарағанда Маңқыстау ұлы сак тайпаларының бір өлкесі болған.

Міне, осы ұлы мәдениеттің бір аймағы—Маңқыстау сак заманының ескерткіштеріне өте бай. Құмыраға салулы күлді өлікпен бірге қабірге қою әдетінің өзі бір жағы сактарға байланысты десек, екінші жағы біздің дәуіріміздің екінші ғасырында шығыстан жөңкілген гундар әдетіне де жат емес. Осындай құмыралардың бірі Тәтімтөбе мен Бозашы аймағынан табылған.

Форт Шевченко мен Таушық поселкасының арасында екі қауым бар, оны жергілікті халық Ақшора мен Белтора деп атайды. Бұл қауымдардан XIV—XVI—ғасырларды бейнелейтін архитектуралық мешіттермен бірге өте көнелілігімен көзге түсетін ертерек кездің әдет-ғұрпына сай тарих іздерін байқауға да болады. Үсті құлап, ашылып жатқан бір бейіттің диаметрі 3

метр 30 сантиметр, ішіне бірнеше адам жерленген. Әуелде қабірді жапқан қақпақ тас үстіне қой мүсінін қойған, кейін мүсін қабір ішіне құлап кеткен.

Жергілікті халық өлген адамды тобымен қояды «қауымдық зираттар» немесе «тумаластар қауымы» дейді. Қарт шежірешілер Маңқыстауда көп кездесетін осындай қауымдық қорымдарды қыпшақ заманына жатқызады. Мұндай зираттар ерте замандағы үйіктер маңында кездеседі.

Форт Шевченко қаласының шығыс жағында 18 километр жерде Қарамола ескерткіші тұр, оның қалың тастардан жасалған қабырғаларының сыртындағы бір кірпішке қарулы жауынгердің бейнесі қашалған. Құрылыстың оңтүстік жағында бекініс ретінде салынған қораша бар. Ал, қабырғалардың бір тасында әйел мүсіні бейнеленген. Көптеген бейіттер арасында мұндай дара әйел бейнесі салынуына қарағанда ол ерте дәуірде, Күн құдайына, ананы ардақтап, соған табыну заманында жасалған болуы ықтимал.

Құлдық қоғам кезінде құрылған Кушан империясына бағынған Маңқыстауда Хорезм мәдениеті күшті дамыды, әсіресе Индия мен Грецияның мәдени байланысы артты. Жергілікті халық арасында әйел мүсінін жасау, тіпті ол мүсіндерді қауымдық зираттар басына қою жол алды. Сүйтіп, Маңқыстау жерінде көп кездесетін әйел мүсіндері Шығыс пен Батыс мәдениетінің ұштасу, араласу дәуірінде туып, Маңқыстау мәдениетіне енді.

П. Н. Шульцтің «Диоскуров үйігінен табылған Неапольдағы скифтік қола статуэткасы» деген мақаласы осы сияқты әйел мүсіні тарихына арналған. Ол біздің дәуірімізге дейін тұрғызылған үйік. Оңтүстік—батысында сақина тәріздес етіп тастан өрген шұңқырда қарапайым жасалған әйел құдайының және шикі балшықтан соғылған қой тұрпаты мен құрбандыққа шалынған тоқты сүйегі сақталған. Әйел-құдай жер мен бүкіл хайуанаттар дүниесіне өмір еткенге ұқсайды¹. Міне, осы дерекке сүйенсек, Қарамоладағы әйел бейнесін там бетіне бейнелеу мұсылман дініне дейінгі әдет екендігінде дау жоқ.

Маңқыстауды мекендеген тайпалар діни сенімге

¹ «Советская археология», 1969, № 1.

байланысты кейін мүсін қоюды қалдырып, оның орнына адамның жалпы сұлбалап жасалған бейнесін қоюды әдетке айналдырған. Сондықтан да өте ертедегі ата-баба әдетін бойына сіңірген кейбір адамдар топырақ үю, оба жасауды жаман ырымға жориды. «Оба бол, оба болғыр» деген сөздерді олар «өл, мола бол!» деген мағынада ұғады.

Бозашыдағы Долгий поселкасына таяу Ұзынаралдағы құм төбелердің бірі құлағанда, одан бірнеше кісінің сүйегі шықты. Сол жерден темірден, қола мен мыстан жасалған, қазір де шор болып қалған пышақ, найза ұшы сияқты заттар табылды. Ал, 1949 жылы осы Аралдағы Қандыөткел маңынан құм астынан тобымен жерленген адам сүйектері шықты. 1959 жылы Бозашыдағы Өгізтөбенің басы желмен үгіліп құлағанда, бірнеше адамның қабірі ашылып қалған. Қабірлер кезінде цемент түстес қара массадан соғылған. Беріктігі сонша — жарқабақ құлағанда, қабір қорабы сынбай, үстіндегі топырақтың салмағын көтеріп тұрды. Оған жерленген кісі сүйегінің жанынан сиымдылығы екі литрдей құмыра табылды. Аузын көнмен тұмылдырықтап бекіткен құмыра ішінен қой сүтінен шайқарған, исі мен дәмі бұзылмаған сарымай шықты. Нақ осындай бір құмыраны 1923 жылы осы маңдағы Тұщышағылдан Әбішқали Нысанов тапқан еді. Бұл сияқты қазақ халқының көзі көріп, құлағы естімеген ырым қай халықтыкі, қай замандікі деуге сияды? Біздің пікірімізше, осы Шағылтөбе бір кездегі үйік қорған болуы да мүмкін, бірақ замандар өтіп, өз формасын бұзып, аласарып төбеге айналған сияқты.

Дүние салған адамның басына май қою әдеті ежелгі тайпалардан келе жатқан әдет. Бұл ырым қазіргі түріктестес халықтарда да бар. Ертеде күйі шағын семья дүние салған адамына жылын беру, ас беру сияқты кәдесін жасай алмайтын болса, өлі аруағы үйіне қайтып келіп, ештеңе дәмемтес үшін, өлінің мұрнына әрдайым иіс барып жатуы үшін май қояды екен. Күннің «сәтіне» қарай май шыжғырып, иіс жасайтын ескі әдет содан қалған. Ғалым В. М. Массон «Страна тысячи городов» (Москва, 1966) деген еңбегінде: «Сарматтар өлген адамның қабіріне қойдың мүшелерін, темір пышақ, балшықтан жасалған құмыраға ішетін зағ құйып қою әдетін мол ұстаған» — дейді.

1932 жылы Ақшымырау жерінен қазылған қабір астынан кісінің сүйегі, үлкен табаға ұқсас тот басқан дөңгелек, екі қола сырға табылған. Қарттардың жобалауынша, сүйек әйелдікі, дөңгелек нәрсе — айна. Мұндай әдет жайлы В. М. Массон аталған еңбегінде: «Сарматтар кісі қойғанда, әйел болсын, ер адам болсын, олармен бірге қоладан жасалған айна, жылтыратып әдемілеген ыдыс қояды. Олардың түсінігінше, өлінің жаны сол айнаға паналайды. Қайтыс болған адамның тумалары айнаны шағып, оның сынықтарын жаны паналайтын ыдысқа салып, көму әдетін қатты ұстанған», — дейді. Қазірге дейін халық арасында «жарығы сөніп, шөлмегі сынды» деген әдет сактар мен сарматтардан қалған жұрнақ сияқты. Қорыта келгенде, В. М. Массон, А. П. Окладников, Ю. А. Заднепровская, М. П. Грязновтардың пікірлеріне қарағанда, Каспий шығысындағы мәдени мұралар мен ескерткіштерді жүйелеуге Жебел, Ойықты, Маңқыстау мен Узбой ескерткіштерінің ерекше маңызы бар. Демек, аталған жәйттер Маңқыстауды мекендеген савромат (сармат), сактар мәдениетінің қалдықтары.

Маңқыстауда ежелгі қауымдық немесе ертедегі тайпалардың жұртына ұқсас жерлер көп, солардың бірі — Форт Шевченко қаласынан 5 километрдей жердегі Шүйлі бұлағының етегіндегі тау шатқалында. Алып жатқан орны қой қорасындай, диаметрі 20 метр, айнала қада, қалақ тастар шанышқан. Олардың төбесін кезеттеп, кейбіреулеріне таңбалар қашаған. Қорашаның ортасы күл, іші көк түсті күйдірілген құмыра сынықтары.

Біздің дәуірімізге дейінгі үшінші ғасырда Маңқыстауды мекендеген сармат тайпалары өлгендерін жерлегенде, тастан мүсін жасап, оның үстіне тас плита жауып, тік тас шанышқан. Бұл дәстүрді ежелгі тайпалардың мұрагерлері де дамыта түскен.

Қазақстанның басқа аймағына қарағанда, Маңқыстау жарты аралында қада тастар көп. Үстірт, Түпқараған, Исантүбек, Қаратау мен Ақтау бойында дара немесе топ-топ шаншылған қада тастар кездеседі. Кейбіреулерінде ру, тайпалар таңбасы сақталған. Солардың ішіндегі ең үлкені — қазіргі Ескі Өзен поселкасының Сенек бетінде мидай жазық далада шаншылып тұрған Ерсары қайрағы. Оның жер бетінен шығып тұрған бойы 4 метр 5 сантиметр, жуандығы сыртынан орағанда



Ерсары қайрағы

метр жарым, материалы — жергілікті тас. В. В. Бартольд деректеріне қарағанда, осы қада тасқа атау болып отырған Ерсарыбай — 1313 — 1314 жылдардың бірінде өлген түрікменнің салор руының көсемі. Шежіреші түрікмендер мен қазақтар пікірінше, бұл ру ақсақалы Ерсарыбайға өзге ру басыларының жыл басында сәлемдесіп, көрісетін, қонағасы беріп, ел дауларын шешісетін, соғыс жағдайында бас қосып, кеңес өткізетін орны екен.

Кей жерлерде қада тастар белгілі тәртіп сақтамай-ақ ең далада қарақшыдай қалқып тұр. Ел аузындағы деректерде бұл тастар ежелгі қыпшақтардың жылқы байлайтын мама-тасы, құлынға желі керер қазығы. Соғыста не аурудан опат болғандарды «топырағы осы жерден бұйырды» деп қоя салатын түрікмен әдетін ескерсек, қада тастар зираттар белгісі болуы да мүмкін.

Ескерткіштердің тағы бір тобына жататын, бірақ Маңқыстауда сирек кездесетін ежелгі құрылыстар — мегалиттер. Ғалымдар олардың дүниеге келу шамасын біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңыншы жылдарға апарды. Сонымен қатар, мегалиттер осы жерді мекендеген тайпалардың зираттық ескерткіштері сияқты. Маңқыстаудағы мегалиттер ел болған, қамал салынған көне жұрттар мен керуен сарайлар жанынан көтерілген. Қалақ тастардан тікесінен қойып, қораша қалаған. Ортасы мола сияқты, олардың ең аумақтысы да, зоры да ежелгі Қараған айлағы. Ол Кетік бекінісінің іргесінен тұрғызылған. Міне, бұлар — Маңқыстаудың ежелгі мекендігіне көз жеткізе түсетін көне дәуір куәлері.

БАҒЗЫ ТАЙПАЛАР

Көне мұралар мен тарихи деректерге қарағанда, Маңқыстау жерінде бірқатар тайпалар болған. Солардың бірі — сактар — біздің дәуірімізге дейінгі I мың жылдықтың орта шенінде Шығыс Каспий мен Арал теңізінің арасындағы мол сулы тау бұлақтарын, өзеннің жайылма тоғайлықтарын, Амудария мен Сырдарияның көгал алабын қоныс еткен ежелгі көшпелілер.

Парсы және грек жазбаларына көз салсақ, Каспий жағалауымен Арал маңын шошақ бөрікті сактар мен каспилер мекендеген. Біздің дәуірімізге дейінгі VII—IV ғасырларда осы жерді мекендеген сактарды ертедегі